

**РУХАНИ
ЖАҢҒЫРУ**



БОЛАШАҚҚА БАҒДАР:

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ




«ЖАҢА ГУМАНИТАРЛЫҚ БІЛІМ. ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ 100 ЖАҢА ОҚУЛЫҚ»

Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында алдағы уақытта қоғамның барлық саласында ауқымды жобалар мен реформаларды жүзеге асыру бойынша бірқатар міндеттер қойған болатын. Соның бірі – «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасы. Бұл жоба аясында әлемнің үздік оқулықтары мемлекеттік тілге аударылып, қазақстандық оқырманға қол жетімді болды.

Әл-Фараби кітапханасына осы жоба аясында философия, әлеуметтану, психология, экономика, менеджмент, кәсіпкерлік, дінтану, лингвистика, антропология, иновация, медиа салалары бойынша кітаптар түскен.


Кітапхананың <http://elibrary.kaznu.kz/ru/node/1468> ресми сайтында толықмәтінді форматта оқуға болады.





ЮРИЙ ЛОТМАН – кеңестік және эстониялық әдебиеттанушы, мәдениеттанушы, семиотик. Лотман – кеңес ғылымындағы әдебиет және мәдениет саласын зерттеуде құрылымдық-семиотикалық әдісті жасаушылардың бірі, Тарту-Мәскеу семиотикалық мектебінің негізін қалаушы.

«Семиосфера» – Ю.М. Лотманның семиотика теориясы мен методологиясын, семиосфера құрылымы мен ерекшеліктерін нақты мысалдармен түсіндіретін жетінші еңбегі. Автор оқулықта тілдердің жойылып кетпеуі мен үнемі қолданыста болуы үшін қажет коммуникация алғышарттарына тоқталады.



Ли Энн Пек, Гай С. Рил. Студенттер мен жас мамандарға бұқаралық ақпарат құралдары саласында кездесетін этикалық мәселелерді шешу жолдарын көрсетуге арналған.

Кітап – студенттердің теориялық білімдерін тәжірибемен оңтайлы ұштастырып, өмірде кездесетін тосын, күрделі мәселелерден жол тауып шығуға баулитын тағлымды еңбек.



Чарльз У. Л. Хилл. «Халықаралық бизнес: Жаһандық нарықтағы бәсеке» оқулығы тұңғыш рет қазақ тіліне аударылды. Бұл – «Халықаралық бизнес» оқулығының 12-басылымы. Оқулықта халықаралық нарықтағы бәсекенің қыр-сыры терең зерттеліп, жаһандық және аймақтық мәселелер тең дәрежеде қарастырылған.



Куртланд Л. Бове , Джон В. Тилл коммуникация саласының белгілі мамандары ұсынған кітапта бизнес-коммуникацияға қатысты маңызды мәселелер, практикалар мен ұсыныстар кең ауқымда талқыланған. Бұл кітаптың 14-басылымы болғандықтан, қалыптасқан дәстүр жалғасып, оқытуды жеңілдетуге, белсенді білім алуға мүмкіндік беретін, сыни тұрғыда ойлануды жетілдіруге қажет теңдессіз механизмдер жиынтығы енгізілген.



ЖАҢА ГУМАНИТАРЛЫҚ БІЛІМ. ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ 100 ЖАҢА ОҚУЛЫҚ

КӘСІПКЕРЛІК

ТЕОРИЯ, ПРОЦЕСС, ПРАКТИКА



ENTREPRENEURSHIP

THEORY, PROCESS, PRACTICE

ДОНАЛЬД Ф. КУРАТКО

Куратко Ф. Дональд. Теория, процесс, практика.

Кітаптың мақсаты – оқырманды кәсіпкерліктің үздік тәжірибелерімен таныстырып, тәжірибелік және эксперименттік оқыту әдістері арқылы кәсіпкерлікке қажет дағдыларды сіңіру.



Философияның дамуына айрықша үлес қосқан ойшылдардың тұлғасы мен олардың шығармашылығына арналған Дерек Джонстонның «Философияның қысқаша тарихы» әр дәуірдегі ғылыми жаңалықтар мен тарихи оқиғаларды, әдеби және көркем туындыларды философия тұрғысынан талдайды.



Янсон Торе. Бұл кітапта ежелгі дүниеден тартып, уақыт ағысына ілесе отырып, бүгінгі күнді көктей өтіп, алыс болашаққа шолу жасайтын тілдердің жалпы даму тарихы баяндалады. Тілдің тарихтағы рөлін көрсету үшін, әлемдегі тілдерге қатысты үлкен мәселелермен қатар, көпшілікке көп белгілі емес, қалтарыста қалып келген тақырыптар да қамтылған.



РУХАНИ
ЖАҢҒЫРУ

ЖАҢА ГУМАНИТАРЛЫҚ БІЛІМ. ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ 100 ЖАҢА ОҚУЛЫҚ

ТІЛ БІЛІМІНЕ КІРІСПЕ




AN INTRODUCTION TO LANGUAGE
INTERNATIONAL EDITION

ВИКТОРИЯ ФРОМКИН

РОБЕРТ РОДМАН

НИНА ХАЙАМС

Виктория Фромкин, Роберт Родман, Нина Хайамс. Америка тілшілері қоғамының президенті Виктория Фромкин бастаған ғалымдар тобының «Тіл біліміне кіріспесі» тілдік өзгеріс, тілді меңгеру, жазба тілдің негіздері, тіл және адам миы сияқты мәселелерді жаңаша талдайды.



Тілді түсіністік құралына, мәдениетті үндестік ұйтқысына айналдыратын оқулық Мәдениетаралық коммуникация – әр түрлі ұлт өкілдерінің әрқайсысының жеке тұлға ретіндегі тілдік және мәдени айырмашылықтарының толық және жан-жақты көрінетін тұсы. Мұндай әр түрлі ұлт өкілдері қатысқан мәдениеттер тоғысында әр адам жеке тұлға, сол қоғамның белді мүшесі немесе белгілі бір ұлттық мәдениет өкілі әрі осы әрекеттің бір субъектісі ретінде сахнаға шығады.




РУХАНИ
ЖАҒҒЫРУ

ЖАҒА ГУМАНИТАРЛЫҚ БІЛІМ,
ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ
100 ЖАҒА ОҚУЛЫҚ

Майкл РАЙАН

ӘДЕБИЕТ ТЕОРИЯСЫ

КІРІСПЕ



LITERARY THEORY
A PRACTICAL INTRODUCTION

3rd Edition

WILEY Blackwell

Майкл Райан. Бұл оқулықта әлемдік әдебиеттану ғылымының өзекті тақырыптары саналатын – орыс формализмі, жаһандану, таным, эмоция, эволюция, әдебиет сыны мен теориясының мақсаттары және олардың нейробиологиямен қарым-қатынасы сияқты аса ауқымды теориялық ұғымдар кеңінен және терең сараланған.



Джули Ривкин, Майкл Райан. Бұл оқулық қазақ оқырмандарын әлемдік әдебиет теориясының тың зерттеу бағыттарымен таныстырады. Шығарманың мазмұнын ғана зерделеп қоймай, оны тілдік тұрғыдан талдаудың сан қырлы әдістерімен сараланған мақалалар – біздің сыншыларымыз бен оқырмандарымыз үшін де таптырмас үлгі.